

## **Қарағанды облысының Абай ауданында шетелдіктер үшін 2024 жылға арналған туристік жарнаның мөлшерлемесін бекіту туралы**

Мерзімі біткен

Қарағанды облысы Абай ауданының мәслихатының 2024 жылғы 12 маусымдағы № 20/194 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 13 маусымда № 6606-09 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-10-тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 181 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33110 болып тіркелген) сәйкес, Абай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Абай ауданында шетелдіктер үшін 2024 жылға арналған туристік жарнаның мөлшерлемесін хостелдерді, қонақжайларды, жалға берілетін тұрғын үйлерді қоспағанда, туристерді орналастыру орындарында болу құнының 0 (нөл) пайызы мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Абай аудандық мәслихатының төрағасы*

*Д. Сакенов*